**БЕКІТЕМІН:**
ШҚО білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің
«Ақ бота» балабақша –
бөбекжайы КМҚК
директоры:
__________ Саирова. С. Б.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**<u>2023 - 2024</u> оқу жылына арналған шығармашылық білім беру дағдысы бойынша**
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің**
**перспективалық жоспары**
**«Айшуақ», «Жауқазын» кіші топ**

| Айы | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | Сурет салу | Бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру;<br>шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;<br>бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; |
| | Мүсіндеу | Сазбалшықтан, ермексаздан заттардың бейнесін мүсіндеуге қызығушылықтарын ояту;<br>сазбалшықтың және ермексаздың қасиеттерін айтып, қолдану әдіс-тәсілдерін үйтеру;<br>мүсіндеу барысында алдымен мүсіндейтін затты зерттеп, ақпараттар беру; |
| | Аппликация | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру;<br>бейнеленетін заттарға сәйкес түрлі-түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдап алуға дағдыландыру; |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
| **Қазан** | Сурет салу | Әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу;<br>балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; |
| | Мүсіндеу | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азықтүлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету;<br>мүсіндеудің тағы да басқа түрлі әдіс тәсілдерін пайдалану; |
| | Аппликация | Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру;<br>жапсыру барысында ірі және ұсақ элементтерді орналастырып желімдеуге нұсқау |

| | | |
|---|---|---|
| | | беру; |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
| **Қараша** | Сурет салу | бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру;<br>қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру;<br>көз бен қолдың үйлесімін дамыту; |
| | Мүсіндеу | Домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар);<br>мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларын қалыптастыру;<br>бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы мүсіндеу; |
| | Аппликация | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану;<br>қазақтың ұлттық оюларының әсемдігін, олардың орналасуын көрнекілік ретінде көрсетіп,<br>ой қиялдарын дамуыту; |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
| **Желтоқсан** | Сурет салу | Сурет салу кезіндебалалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; |
| | Мүсіндеу | Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау); Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану |
| | Аппликация | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру;<br>ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру; заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту; |

| Айы | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| Қаңтар | Сурет салу | Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету; қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; |
| | Мүсіндеу | бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру; сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу; композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу; |
| | Аппликация | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану;<br>ұжымдық жұмыстарға қатысып, бірлесіп жұмыс жасауға қызығушылықтарын ояту; |
| Айы | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері |
| Ақпан | Сурет салу | Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу,<br>сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу; |
| | Мүсіндеу | Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға дағдыландыру;<br>жұмысты ұқыпты жасауға үйрету;<br>жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру; |
| | Аппликация | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу;<br>геометриялықфигуралардыажырата отырып, олардыою-өрнектермен безендіругеүйрету; |

| Айы | Ұйымдастырылғаніс-әрекет | Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері |
|---|---|---|
| Наурыз | Сурет салу | Сурет салу техникасыныңбастапқыдағдыларынқалыптастыру;<br>тұтасқағазпарағынабейненіорналастыру;<br>сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана білуге үйрету;<br>құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру; |
| | Мүсіндеу | Өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу барысында қосу, қысу, біріктіру әдіс тәсілдерін үйрету;<br>мүсіндеу барысында заттардың көлемін, түсін ескеру;<br>мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу; |
| | Аппликация | Желім қалдықтарын сүрту үшін майлықты пайдалануға дағдыландыру;<br>геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |
| Сәуір | Сурет салу | негізгі түстерді дұрыс атауға, қарапайым сюжеттік композицияларды құрауға үйрету;<br>тұтас қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білуге қалыптастыру ;<br>пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерту; |
| | Мүсіндеу | Мүсінді бейнені өз қалауы бойынша безендіруге үйрету. Іскерлік дағдырларын дамыту. |
| | Аппликация | Желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.<br>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| **Айы** | **Ұйымдастырылғаніс-әрекет** | **Ұйымдастырылғаніс- әрекеттіңміндеттері** |

| | | |
|---|---|---|
| **Мамыр** | Сурет салу | қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылықтарын ояту;<br>сурет салуда ұқыптылық танытуға, қауіпсіздікті сақтауға үйрету; |
| | Мүсіндеу | жұмысты тиянақты жасап, уақытылы бітіруге үйрету.<br>ұлттық әшекей бұйымдарымен таныстыру, өз қолдарынан әшекейлерді мүсіндеуге үйрету. |
| | Аппликация | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру.<br>Жапсыру барысында жасаған жұмыстарын тиянақты жасап, уақытылы бітіруге үйрету. |